

# Маденишем

№3 (151) Наурыз 2019 жыл



## **Ұлттық мәдениет дамуының тарихи бағдарлары**

Социализм түсіндағы бірыңғайлық және мәдениеттің жұтауы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан бай тарихты ұмыттырды. Енді мәдениеттің келбетін қайтадан толық көлемінде жаңартуға тұра келеді. Сонымен бірге соңғы жылдары белең алған ықтиярсыздық, тағылышарәлеуметтік күш – руханилық болып табылады.



Жалпы бүгінгі күні мәдениет дамуында бір-біріне қарама-қарсы екі процесс өрбуде. Бір жағынан, ұлттық сана-сезім оянып, рухани өмірді қайта түлетуге, мәдени қазыналарды жаңартуға ынта-ықылас өсуде. Екінші жағынан, пайдакүнемдік, мансапқорлық, дүниеқоңыздық, бір сөзben айтқанда, адамзаттық құндылықтардың нұлдырауға әкелді. Бұл жағымсыз үрдістің күш алып келе жатқаны жүртшылықты алаңдатып отыр. Бұған мәдени-ағарту мекемелері желілерінің едәуір қысқаруы, мәдрәсандар, мәдениет пен өнер саласынан кадрлардың кетуі де әсер етуде. 1992-1993 жылдары Қазақстанда 466 кітапхана мен 122 клуб мекемесі жабылды. 3226 мәдениет мекемесінен 1996 жылдың басында 2877-сі қалды.

Социализм түсінда партиялық идеология мен саяси қағидалар мәдениет дамуының ортақ өркениетті нормаларын көзге ілмеді. Мәдени процестің эволюциялық жолмен жүзеге аса алатындығы ескерілмеді. Бүгінгі күні мәдениет тағдыры жалпы философиялық концептуалды мәселелер тудырды. Олардың ішінде мәдениеттің ұлттық табиғаты, оның жалпы адамзаттық мәдениеттермен арақатынасы, Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің ортақ бастаулары, тағы басқа да көптеген мәселелер бар.

Қазіргі теориялық маңызды проблеманың бірі – экономикалық реформа түсіндағы ұлттық мәдениеттің қоғамдағы орны. Мәдениет мәселелерін шешуде оған «экономикалық тиімділігі» түрғысынан келу, басты міндет – экономиканы нығайту, мәдениет жағдайын кейін ойлай жатармыз деген сияқты тұжырымдар бұл мәселені көкейтесті етіп отыр.

Біздің еліміздің экономист мамандары елдегі реформаны тек тар экономикалық категориялар мен ұғымдар аясында ғана қарастырып, оның саяси алғышарттары мен салдарына, мәдени-әлеуметтік бағыттылығына мән берे бермейді. Модернизацияланудың мазмұнын

тек экономикалық өзгерістерге ғана теңеп, Батыс үлгісіндегі нарықтық экономикадан қоғамның әлеуметтік жаңаруының кілтін іздейді. Ал шын мәнінде реформаны мұлде басқа тұрғыдан бағалауға болады. Реформа тек жай ғана шаруашылықты дамытудың жолдарын айқындау емес. Бүгінгі экономикалық көзқарастардың өзегінің тарлығы қоғамдық санадағы қалыптастып қалған базис пен қондырма туралы теорияның мәдениетті жай ғана базистің бейнесі, көлеңкесі ретінде қарастыратын принципінен туындейді. Ал тарихи тәжірибе экономикалық дамудың терең астарлары мәдениетте екендігін дәлелдейді. Мәдениет – әрбір тарихи дәуірдің, заманың іргелі қазыналарын сақтаушы, қорғаушы. Экономика мен төлтума мәдениет арақатынасын түсіндіруге байланысты екі тұжырымдама қалыптасты. Бірінші – бұл байланысты мұлде мойындармай, барлық мемлекеттер мен халықтардың бір ғана экономикалық заң бойынша дамуын қолдау. Бұл тұрғыдан қарағанда, артта қалған елдер дамыған елдерді әрдайым қызып жету жолында болады. Экономикалық заңдылықтардың әмбебаптық (универсалды) сипаты оларды әр алуан мәдени ортаға үйлесімді етеді. Осыған байланысты дағдарыстан шығу ортақ заңдылықтардың дамуына жағдай жасауда болып отыр.

Екінші – көп мәдениеттілік немесе мәдени плюрализм – экономиканың да алуан түрлілігін туғызады. Әр ұлт өз ұлттық мәдени ерекшеліктеріне тән өз экономикалық жолын таңдайды. Бұл мемлекеттердің экономикалық жүйелерінің ұқсастығын жоққа шығармайды. Нарық, ақша, тауар өндірісі, банк, қаржы, тағы басқалар белгілі бір қоғамға ғана (социализмге, капитализмге) тән категориялар емес. Олар әртүрлі пропорциялық өлшемде қай қоғамға да қызмет етеді. Экономикалық және мәдени плюрализм принципі жаңарудың Ресейдегі, болмаса Қазақстандағы түрі – оның жалғыз ғана мүмкін болу жолы деп қабылдамай, басқаша да стратегиялық және тактикалық жолдар ұсынады. Реформа мемлекет көлемінде емес, тіпті оның аймақтарында да өзгеше жолмен жүргізуі, оның мақсаты, жолы мен тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Әсіресе көп мәдениетті ортада осыны ескерген жөн. Реформаға балама жоқ деген пайымдауға мынадай жауап беруге болады: ұлттық мәдениет те ешқандай баламаны қабыл алмайды. Дегенмен де экономика, нарық мәдениетке байланысты емес, оған тосқауыл, тыйым сала алмайды, реформаторлар батыл іске кірісп, өз жоспарларын іске асыра берсін деушілер басым. Сонымен бірге нарық мәдениетке қауіп төндіріп, оның тағдырын екіталай етеді деп ойлаушылар да көбейіп келеді. Осыдан келіп, үшінші біреулер нарық өз табиғатынан мәдениетке қарама-қарсы, сондықтан екеуінің біреуін таңдауға тұра келеді дейді. Бұл пікірталас сайып келгенде, мәдени дәстүрліктің табиғатын, оған әлеуметтік өзгерістердің ықпалын анықтауға әкеліп тірейді. Тарихта төлтума мәдениетті басқа ұлттық идеяға, таптық идеологияға бейімдеуге ұмтылыстар болғаны белгілі.

Тәжірибе мәдениеттің өзгерістерге ұшырағанымен, оның мәні мен мазмұнын түгел өзгертуге болмайтындығын, ол өзінің тұрақтылығын сақтайтындығын айқын танытты. Сондықтан да қандай экономикалық және саяси жүйеде дамыса да, біз орыс, қытай, ұнді, қазақ мәдениеттерін бір-бірінен айырамыз. Ұлттық мәдениеттердің мұндай тұрақтылығымен санаспауға болмайды.

Реформаның мақсатын дәлелдейтін өзгерістер енгізіп, оның әлеуметтік-мәдени астарына терең ұңғымайінше істің алға баспауы мүмкін. Қазақ халқының мәдени дәстүрінде жерге деген жеке меншікті қабылдамауы, еңбектің қауымдық түріне бейімділігі, мемлекетті басқаруда бір тұлғага бағынуға икемділігі, тағы да басқа құндылықтар орын алады.

Сондықтан реформаның мақсаты капитализмге бетбұрыс деп, қалыптасқан құндылықтардан бас тартсақ, мәдениеттің мәртебесін түсіргендігіміз болады.

Реформаның мәдени астары туралы әңгіме қозғағанда, «біртұтас ұлттық мәдениет бар ма?» деген сұрақ туады. Оның астарында мәдениеттің әр сапалы қабаттары, әрқиыт мән мен мазмұны жатыр. Мәдениет қалалық және ауылдық, діни және зайырлық, астаналық және шеткі аудандар мәдениеті болып бөлінеді.

Әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында келіспеушілік, қайшылықтардың барлығы да белгілі. Бірақ ішкі айырмашылықтарына қарамастан, дүниежүзілік мәдениеттер арасында қазақ мәдениетінің өзіндік орны, өрнегі бар. Қазақ ұлты нарықты қабылдамайды деген пайымдау жиі айтылады, ал шынында олай емес. Халықтың мәдениеті, адамгершілігі жеке меншікке, байлықта табынатын капитализм рухына, оңай олжа, арам пайдаға үйір емес. Қазақ дүниетанымына жеке бастың пайдасынан гөрі, қауымның мүддесі жоғарырақ. Ұлт мәдениетінде бүгінгі күні сырт көзге аса сүйкімді болып көрінбейтін қағидалар орын алып отыр: пайдакүнемдікten аулақ боламын деп барды іске асыруға үмтүлмау, «жаным – арымның садағасы» деп орынды жерде өз мүддесін қорғауға арлану, рушылдық, жершілдік патриотизм жетегінде болып, кәсіптік абырайға мән бермеу. Батыс тәжірибесінің қазақ топырағына тиімді болмауы да осы ерекшеліктерді ескермеуден туындауы мүмкін. Біздің реформаторлар Батыс іскерлерінің тұтынушылардың мәдени талаптарын қанағаттандыруға тырысатының ескере бермейді.

Тұтынушы қауымның мәдени талғамы – өндірісті қаржыландырудың көзі.

Кейбір экономист мамандар шаруашылықты жоспарсыз жүргізе беруге болады, бірте-бірте нарықтың өзі бәрін жөнге салады дегенді қайталай береді. Ал Батыстың ірі корпорациялары өз істерін тек тәуекелге, нарықтың стихиялық ағымына емес, жоспарға негіздейді. Экономикасы реттелмеген мемлекетте адамдардың рухани талаптары, мәдени талғамдары, ұлттық ерекшеліктері ескеріле бермейді. Мәдениет экономикаға тәуелді болған тұста, рухани коммерция қаупі туады. Бұл

да бұрынғы саясаттандыру, идеологияландыру сияқты мәдениеттің өзегін әлсірететін жол.

Мәдениет – нарықтың ырғағына бейімделе бермейтін, ақшамен өлшенбейтін нәзік құбылыс. Нарықтың басым үстемдігі әдебиет, өнер, ғылым, білім үшін бұлдіруші ықпал жасап, рухани құндылықтарға сан қылышы қиянат әкелуі мүмкін. Бүгінгі «бұқаралық мәдениеттің» озырында, төлтума мәдениет дамуының тежелуі, оны ығыстыруы, имандылыққа тәрбиелеуге зиянын тигізуі – мәдениетті коммерциялаудың айқын көрінісі. Мәдениеттің рухани, адамгершілік деңгейінің төмендеуі, адамдар жан дүниесіне тигізген кесапатының салдары кейінгі ұрпақтан байқалары белгілі. Мәдениет мәртебесін тек бір қайырымдылықпен, жомарттықпен шешуге болмайды. Мәдениетке өз шығынын өзі ақтасын деген талап та орынсыз. Елдің аса бай қазынасын құрайтын рухани байлық мемлекеттің қамқоры мен қорғауында болуы қажет. Бірақ мемлекеттік қамқорлық идеологиялық үстемдікке айналмаған, мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық еркін шектеуге әкелмеуге тиіс. Мәдениет билікке, бизнеске де тәуелді болмаса, ұлттың рухани мерейі биік болады. Ұлтты оның мәдениеті сипаттайтын.

Ұлттық мәдениет дүниежүзілік мәдени құндылықтардан да тыс дами алмайды. Адамзат қазыналарына баса назар аудару, озық ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың толымды түлеуі, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, ұлттық мәдениеттердің дербестігін мойындау – мәдениеттің даму зандылығы. Бұл жолдағы ең басты қыындық – рухани отаршылықтан арылу. Мәселе – тоталитаризм заманының қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде, мәдениет пен қоғамдық санада әсерінің терең болып отырғанында. Социалистік қатынастарды өндіргенде большевиктер де төлтума рухани дәстүрлердің бірқатарын жоюға тырысты. Негізінен бұл жердегі басты критерий социалистік жүйенің өмір сүруін қамтамасыз ету болды.

Коммунистік идеологияны, мәдениетті дамыту деген ұранмен халықтар шынайы қазыналарынан ажыратылды, келе-келе тіпті оларды қажетсінбеуге айналды. Социализм революцияға дейінгі отаршылдық саясаттың біраз үрдістерін одан әрі жалғастырды. Бүгінгі күні де Ресейдің идеологиялық, информациялық үстемдігі сәл-пәл әлсірегенмен бұрынғы қалпынша сақталып отыр. Мәселен, қазақ тіліндегі электрондық ақпарат құралдары 11 сағат хабар таратса, орыс тілінде бұл көрсеткіш – 210 сағат. Республикағы мерзімді баспасөздің орысшасының саны 1164 болса, қазақшасы – 215. Еліміздегі 223 ауданның 131-інде іс қағаздары тек орыс тілінде жүргізіледі.

Ақпараттық империализм елдегі рухани, адамгершілік дағдарысты одан әрі тереңдетіп отыр. Тарихи танымынан, дәстүрінен алшақта қалып келген жас үрпаққа басқа мәдени-тарихи өмір дәстүрі, салты ұсынылуда.

Маңызды мәселенің бірі – еліміздің халықаралық мәдени кеңістікке қатысуы және осы бағыттағы процестерді терендету, өзара кірісу мен алмасу, өзара тиімділікті, әр мемлекеттің мәдени кеңістігінің ұлттық ерекшеліктерін ескеру. Қазақ халқының тарихи қалыптасқан рухани байланыстары мен мәдени қарым-қатынастары негізінде Ә.Нысанбаев қазақ мәдениеті дамуының үш жолын орынды атап көрсетеді. Біріншісі – шет елдердегі қазақ диаспорасымен жұмыс істеу. Қазақ диаспорасы ұлттымыздың төлтума мәдениетінің нышандарын сақтап қалған.

Мәдениетімізді дамыту үшін революцияға дейінгі өркениеттен үйрену – жаңарудың бір жолы. Екінші жолы – ислам әлеміне кіру. Демографиялық және ішкі саяси жағдаймен есептесе келіп, автор бұл жолды қазақ ұлты үшін қолайсыз деп табады. Үшінші жол – еуразиялық кеңістігіміз шығыс менталитеті болғанымен, білім мен тәрбиеміз европалық, бүгін де сол үрдіс жалғасып келеді. «Біздіңше өткен мәдени мұраларымызды игере отырып,-деп түйеді философ, қазақтың ұлттық менталитеті тұрғысынан қарайтын уақыт жетті. Басқа ұлт өкілдерінен өзара мәдениет әсерлесу арқылы әлеуметтік тұрақтылықты нығайта тұсу тиімді жол. Біздегі тұрақтылықтың бір факторы – мәдениет».

Идеологиялық өктемдіктен құтылған мәдениет эволюциялық жолмен ғана жаңа ұлттық мәдениетке қол жеткізеді. Шығармашылық ізденіс ахуалын тудыру, дарындарды өсіру, этномәдени қажеттілікті жүзеге асыру, ұлттық бай қазынаны зерделеу, әлеуметтік, табиғи ортаға ізгілік етудің нәзік құралы тек қана мәдениет. Мәдениет бұқара арасындағы енжарлық пен немқұрайлылықты жойып, ұлтқа рух беріп, ілгері басуының жолы мен мақсатын айқыннарақ көрсетеді.

### **Этномәдени дәстүрлер дамуының сабактастыры мен қайшылықтары**

#### **(Социологиялық зерттеулер қорытындысы)**

Дәстүрлікке сүйену – барлық ұлттық күштер үшін бұқара халықпен жақындаудың, өзіне тартудың, өзін танытудың маңызды жолы. Осы мәселенің төңірегінде әдеби, мәдени, тарихи, діни, тілдік, басқа да пікірталастар өрбіп, олар идеология, өнер, адамгершілік, жалпы қоғамдық сананың мазмұнын айқындайды.

Кеңес Одағының ыдырауымен бірге «біздің ортақ мұрамыз» жөніндегі дақпырт та күйреді, мәдени кеңістік өзгерді, этникалық, конфессиялық және басқа сипаттар маңыз алды, мемлекеттің өткеннің мұралық маңызына деген идеологиялық монополиясы қирады. Жаңа қоғамдық субъектілер – этностар, конфессиялар пайда болды. Ұлтына және діни тегі арқылы өткеннің рухани тәжірибесіне қатысты болу адамды «ата-баба өсietі бойынша өмір сүруге» итермелейді, дәстүрді жалғастыру көпшілік үшін табиғи іске айналуда. Мұраға ден қою мәдени игілік қана емес, сән де болды. Кейбір популистік идеялар туыстық салттар мен дәстүрлерден бастап, сұлтандар мен хандар билігін қалпына келтіруге дейінгі нәрселерді сақтауды талап етеді.

Мұндай популизм белгілі бір дәрежедегі бұрынғы «ұлттық мәдениеттерді біріктіру» саясатына деген жауап. Н.Назарбаев бұрынғы жүйе халықтың рухани өмірін жойып, біздің барлығымзды мәңгүртке айналдыруға тырысқанын айтты. Эйтпесе коммунистердің елде барлық ұлттық ерекшеліктерді жоюға, ұлттарды біріктіріп, бір ғана кеңес халқын жасауға ұмтылысын немен түсіндіруге болады?

Қазіргі уақытта ұлт мәселесі тәрбие саласында айрықша өткір сипат алды. Студенттердің этникалық мәдени түрғыда қай жағына қебірек мойын бұратынын білу мақсатында біз Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің экономика факультеті студенттерінің пікірлерін зерттегенбіз. Факультетте 800-ге жуық студент оқиды, зерттеуге олардың 15 пайызы қатысты.

Ұлттық болмыс, ұлттық сана-сезім кез келген халықта бар және ол адамда бала жастан қалыптасады. Ұлттық-этникалық «біз» деген ұғым кейбір «олар» дегеннің болуына байланысты шығады. Мысалы, қазақтың ұлттық сана-сезімінде орыс, неміс, белорус, өзбек, қырғыз және басқаларды ұғыну бар. Өйткені олармен қарым-қатынас жасаудың азды-көпті тарихи тәжірибесін бастан кештік. Орыстың ұлттық сана-сезімінде де немістердің, түріктердің, шведтердің, американцытардың және бұрынғы Кеңестер Одағы мен бүгінгі Ресей халықтарының бейнесі бар. Тарихи қарым-қатынаста болмаған, өзара араласпаған халықтар жөнінде біздің санамызда ой-пікір де бола қоймайды. Тәуелсіздік алу және халықаралық байланыстардың бірте-бірте кеңеюі нәтижесінде біздің өзге халықтар жөніндегі түсінігіміз қалыптасты. Уақыт өте келе біз «Шын мәніндегі қазақтар деген кім?» және «Олар әлемнің басқа халықтарының көзімен қарағанда қандай?» деген сауалдарға жауап таба алатын боламыз. Өзіңе сырт көзben қараған тіпті пайдалы болар еді. Орыстар жөнінде бұндай түсінік баяғыда-ақ қалыптасты.

Жастардың ұлттық сана-сезімінде ұлтқа тән белгілер қаншалықты орын алады деген мәселені зерттеу үшін біз студенттерге «Сіз қалай ойлайсыз, бір ұлт қөкілі басқа ұлт өкілінен ең алдымен несімен ерекшеленеді?» деген сұрақ қойдық. Сауал бергендердің санына қарай жауап пайызбен алғанда мынадай болды:

1. Мінез-құлқымен 5
2. Психологиясының ерекшелігімен 5
3. Дәстүр және салттарымен 35
4. Ұлттық тілімен 39
5. Сыртқы кескінімен 4
6. Діни науымымен 12
7. Шын мәніне келгенде айырмашылығы жоқ —

Осыдан көрініп отырғандай, неғұрлым көп дауыс ұлттық салт, мінез-құлқы, сыртқы кескіні, одан кейін психологиялық ерекшелігі жөнінде болып отыр. Жастар ұлттық болмысқа қалай болса солай қарамайды, ал шын мәніне келгенде айырмашылық жоқ дегенге ешкім келіспейді.

Бұл нәтижелер келесі сұраққа берілген жауаптармен толықтырылды.  
«Сізді өз үлттыңыздағы басқа адамдармен жақындастыратын не?» деген  
сауалға жауап берушілердің пайыздық қатысы мынадай:  
d»на тілі 34

- Салтдәстүрлөр 33
  - Орта қ тарих 6
  - Дәл7
  - Сырты қ бейнеміз 4
  - Мәдениет 4
  - Жалпы ж үйеміз 3
  - Тысты қ байланыс 9
  - Еш н -эрсе жакындастырымайды

Ұлттық болмыстың басты белгілерінің бірі – ұлттық тілін меңгеру. Орыс студенттер арасында ана тілін меңгеру мәселесі болмағанымен, қазақ студенттері арасында көп. Студенттердің 46 проценті еркін сөйлейді, оқиды және жазады. Рас, олардың үштен бірі – қазақ бөлімінде оқитындар. Еркін сөйлегенімен, оқып, жаза алмайтындар 24 процент, бұлар негізінен орыс тобында оқитын қазақ студенттер. Қазақ студенттердің 28 пайызы ана тілін түсінеді және түсінісе алады, 2 пайызы мұлдем білмейді. Егер есепке қазақ тілінде түсінісе алатын және түсінетіндерді алсақ, қазақ студенттердің 98 пайызы ана тілін меңгерген деп айтуға болар еді. Осыдан мынадай қорытынды шығады: орыстар мен қазақтар үшін қазақ тілі сабағы олардың қазақ тілін білу деңгейіне қарай жүргізілуі керек. Яғни, біреулері тілді енді бастап оқыса, екіншілері бұл жөнінде білімін тереңдетеді, үшіншісі өз білімін қазақ тілінде іс жүргізу, хат-хабар жазысу дәрежесіне дейін жетілдіреді. Қазақ тілі басқару, іс жүргізу, ғылым, техника салаларынан ғана емес, отбасынан да ығыстырылуда. Әдетте үйде тек қана ана тілінде 8 пайызы, ал қос тілде 4 пайызы сөйлейді. Орыс тілінің басым қолданылуы отбасынан тыс жерлерде де байқалады. Бұны студенттердің «Сіз оқу орнында өз замандастарыңызben қай тілде сөйлесесіз?» деген сұраққа берген жауаптары айғақтайды. Негізінен, тек қана орыс тілінде сөйлейтін студенттер 59 пайыз құрайды. Ал ана тілінде және орыс тілінде бірдей дәрежеде сөйлейтіндер – 21 пайыз, тек қана ана тілінде сөйлейтіндер – 20 пайыз. Бұлардың жартысы қазақ бөлімдерінің студенттері. Қоғамдық орындарда (көшеде, дүкендерде) студенттердің 26 пайызы өз ұлтының адамына ана тілінде, осынша студент орыс тілінде сөйлер еді. Студенттердің 58 пайызы бұл нақты жағдайға байланысты деп есептейді.

Басқа да әлеуметтік зерттеулердің мәліметтері бойынша біздің анықтағанымыз: балаларының өз ана тілін білмеуі ата-ананың ұлттық намысына тиеді. Қазақ ата-аналардың шамамен әрбір екіншісі балаларын үйде қазақ тіліне өз бетінше үйретеді, сонымен қатар әрбір үшінші ата-ана отбасында үрпақтарын орыстардың тіліне ынғайлайды.

Қазақ тілін оқу, үйрену жолында қандай қыныңдықтар тосып тұрғаны осыдан түсінікті. Тіпті қазақ тілінің қажеттігін түсінгендердің алдында да проблемалар аз емес. Жоғары оқу орындарындағы педагогтар, орыс топтарында қазақ тілін оқытатын оқытушылар тіл кедергілерінен ғана емес психологиялық кедергілерден де өтеді.

Алайда жалпы алғанда студент жастар арасында тіл мәселесі төнірегіндегі ахуал жақсы. «Студенттер аудиториясында бір ұлттың адамдары өз тілінде сөйлессе, басқалар оны түсінбесе, бұл сізді ызаландыра ма?» деген сұраққа тек бірлі-жарымы ғана «Иә» деп жауап береді.

Студенттердің әрбір үшіншісі бұған наразы болғанымен, бірақ адамдар өз ана тілінде сөйлеуге құқылы деп есептейді. Солардың ішінде қазақ тілі қитығына тиетін қазақ студенттері де бар. Студенттердің негізгі бөлігі бұл бүтіндей табиғи нәрсе деп санайды.

Біз сонымен қатар қазақ және қазақ емес жастар арасында қазақ тілін менгеруге деген ықыласты анықтауға да тырыстық. Студенттерге «Егер сізге өзге тілді үйрену мүмкіндігі туса, қайсысын қалар едіңіз?» деген сұрақ қойылды. Студенттерге қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз тілдері ұсынылды. Өздері қолайлы көретін тағы бір тілді атауға рұқсат етілді. Орыс студенті қазақ тілін оқуға тілек білдірген жоқ. Қазақ, орыс және басқа ұлт студенттерінің басым бөлігі ағылшын тіліне басым ықылас танытады, кейбіреуі француз, араб тілдерін атайды. 7 қазақ студенті бір мезгілде қазақ және ағылшын тілдерін үйренуге тілек білдіреді. Жекелеген студенттер көріс және шешен тілдерін атады.

Қазақ тілі әлі де қажеттілігі аз тіл есебінде қалуда. Қазақ тілін міндетті түрде білуғе еш жерде назар аударылмайды. Сондықтан оны менгеруге деген ықылас та төмен.

Жастардың этномәдени бағдарының да маңызы аз емес. Біз орыс тілінде оқитын қазақ жастарының ұлттық мәдениетіне және бұқаралық ақпарат құралдарына көзқарасын білгіміз келді.

Әрдайым, өте жиі, ешуақытта,

жиі (пайызға сирек, кейде

шаққанда) (пайызға

шаққанда)

1.Ана тілінде бірдее оқу 20 80

2.Ана тіліндегі газет және

журналдарды оқу 15 85

3.Халық әндері мен

музыкасын тыңдау 70 30

4.Ана тілінде телехабар көру 65 35

5.Ұлттық қолдаал 35 65

Көне түркі өркениетінінени игіліктеріне, оның тарихына ынта-ықылас артпайынша қазақ тілін өркендету мүмкін емес. «Біз өзіміздің белгілі тарихымыз бер өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан

біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді», - деді Н.Назарбаев «Қазақстан – 2030» бағдарламасында. Социализмге дейінгі және социализм кезіндегі «темір шымылдық» кезеңінде көптеген ұлттық мәдениеттер идеологияландырылған кеңестік мәдениетке бағыт түзеуге мәжбүр болды. Бұл процесс ұлттық мәдениетті таптау, дәстүрді ассимиляциялау, мәдени-тілдік ортаны тарылту арқылы жүргізілді.

Ал бұгінгі әңгіме ұлттық тамырынан қол үзген жас адамдардың тұтас бір ұрпағын ұлттық мәдениетке тарту жөнінде болмақ. Тарихи жадымызды тазартып, сауықтыратын. Өз халқымыздың тілі және мәдениетімен таныстыратын мемлекеттік бағдарлама қажет.

Орыс топтарында оқитын қазақ студенттері Абай, М.Әуезов, О. Сүлейменовтен басқа қазақ жазушылары мен ақындарын атай алмады. Кейбір эстрада артистері болмаса, ұлттық сазгерлердің, драматургтардың, артистердің атын атауға келгенде қиналды. Студенттердің қазақ ауыз әдебиеті, ертегілері, аңыздары жөніндегі мағлұматтары тым жұтаң.

Қазақ халқының мәдениетінде туыстық жақындықтың, өзара байланыстың және ағайындар арасында, отбасында бір-біріне деген жауапкершіліктің тамыр жайғаны белгілі. Бұл нормалар бұгінде де белгілі ақиқат. Сондықтан қазақтардың орысқа қарағанда белгілі бір шешімге келуінде, іс-әрекетінде ата-ананың, жақын-жыуықтың пікіріне көп тәуелді екені байқалады. «Сіз некеге тұрарда ата-анаңыздың келісімін алу қажет деп есептейсіз бе?» деген сұраққа қазақ студенттердің 91 пайызы ата-ана келісімі міндетті деп есептейтіндігін білдірген.

Студенттердің этникалық-мәдени көзқарасы отбасы, неке мәселесінде де байқалады. Олардың 27 пайызы ұлтаралық некені қолай көрмейді. 35 проценті өз ұлтының адамын жөн көреді, бірақ жақын туысы өзге ұлттың адамымен некеге тұрып жатса, қарсы емес. Жауап берушілердің 19 пайызы жігіт не қыз менің ұлтымның салттарын сақтайдын болса, некеде ұлттық айырмашылығы жоқ деп есептейді. Бұл арада қазақ бөлімінде оқитын студенттердің орыс тобында оқитын қазақ студенттерге қарағанда этникалық – мәдени дәстүрлерге жақын екенін атап көрсету керек.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, біздің елімізде аралас некелердің үлес салмағы 8,5 пайыздан 3 пайызға дейін азайды. Идеологияға бағындырылған кеңестік кезеңде бұның бірқатар адамгершілік – психологиялық, этникалық және басқа проблемалары болғанмен одан ұлттық шектелушілік көретін еді. Арлас некеден туған балалар студенттердің арасында да бар. Олар үшін өз ұлтын анықтау оңай нәрсе емес. Студенттер өз ұлтын анықтаудың басты критерийі әкесінің ұлты болу керек деп есептейді (82 пайыз), қалғандары сол адам тұрып жатқан

мемлекетке және өзінің қалауына жүгінеді.

Бір кездері партия жетекшілері Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттерін өздерінің жерлес қазақтарына қарай тартады, солармен достасады, солармен бірге оқып, бір бөлмеде тұрғанды жақсы көреді деп жазғырғаны есте. Кейбір оқу орындарында студенттерді жатақханаға орналастырғанда бір бөлмеде әртүрлі ұлт өкілдері тұратындағы қызып жайғастырды. Әйтседе интернационализмің бұл күштеген түрінен ештеңе шықпады.

Студенттердің 81 пайызы өзінің кіммен оқығанын бәрібір деп есептейді.

Дос таңдауда ұлтты ескерушілік болғанымен, көршілерді таңдамайды.

Сондықтан тұрған жеріне байланысты студенттердің кез-келген ұлт өкілдерімен байланысуға мүмкіндігі бар.

Ұлттық психология – ұлken бір сала. Кейде өз ұлтын және басқа ұлт жөнінде нақты түсінікпен қатар ұшқары көзқарастар да болып жатады. Кейбір адамдардың өзге бір ұлттар жөніндегі жағымсыз анекдоттардан қанағат алып жататынын көріп жүрміз. Ол анекдоттарды бүгінде көптеген газеттер жариялада жатады, сөйтіп өзге халық жөнінде әртүрлі түсініктер тарайды. Қоғамдық тұрақтылық үшін бұның кесірі аз емес.

Біз студенттерге қазақтар мен орыстардың үш жақсы және үш жағымсыз қасиетін атауды ұсындық. Қазақтар орыстардың еңбекқорлығын, адалдығын, шындықты бетке айта алтынын, батылдығын, жанының кеңдігін, әзілді түсіне білуін, тәртіптілігін бағалайды. Сол сияқты орыстардың спиртті ішімдікке жақындығын, өзге ұлттың проблемаларын түсінбейтіндігін, бір күндігін ойлайтынын жақтырмайды.

Орыстар қазақтың қонақжайлышын, ұйымшылдығын, ұлкенді сыйлайтынын, адалдығын, қайырымдылығын, көмектесуге дайын тұрлатындығын бағалайды. Бірақ ұлттық шектелушілігі бар, кекшіл, жалқау, ұқыпсыз деп жазғырады. Қазақ студенттердің де, орыс студенттердің де өз ұлты жөнінде жағымды да, жағымсыз да пікірлері жоқ емес.

Студенттер тұтастай алғанда жалған стереотиптен аулақ. Жас адамдарғана емес, ұлкендердің көбі әлі «ұлттық», «патриотизм» деген түсініктерді дұрыс ажырата алмайды, бұны кеңестік идеологиялық ой тұрғысынан қабылдайды. Студенттер әрбір халық өзінше қонақжай екенін, ұлкендерді, ата-ананы өзінше сыйлайтынын түсінеді. Мәселе өзінді де, өзгені де әділ бағалай білуде. Ақылдылық та, даналық та, онбағандық та барлық халықтың арасында бірдей. Бізді қуантатыны – жастарымыз осыны түсінеді.

Кез-келген этнос жағымды да, жағымсыз да қасиеттерге ие, ал адамның бәрін жақсы көру, сыйлау мүмкін емес. Бірақ рухани мұраны, мәдениетті, қайсыбір халықтың тілін сыйламауға болмайды.

Жоғары оқу орнында жастар есөю мектебінен өтеді, адам ретінде ғана емес, белгілі бір этностың өкілі болып қалыптасады. Мәдениеттің

әртүрлілігінде бәсекелестіктің, қарама-қайшылықтың белгілі бір алғышарттары бар. Қазақтың белгілі бір бөлігі орыстандыру саясатының ықпалымен ерікті де, еріксіз де тұрде орыс мәдениетіне, орыс тіліне қарай бұрылды. Ал орыс тұрғындары көп жағдайдаөмайды болып отыр. Осыдан кейде ұлттың мардымсыздық көрінісін байқағандай да боламыз. Бірақ бұндай жағдайдың тамыры тереңде. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, көпүлтты мемлекет мәдениетінің ортақ өркениетті тамыры, құндылықтардың бір-біріне жақын жүйесі, ортақ діні болса олардың бір-біріне жақындастырудан проблема болмайды.

**Амангелді Айталы**